

ӨТКЕНІ – ҮЛГІ, БҮГІНІ – АЙҚЫН, БОЛАШАҒЫ – ЖАРҚЫН МЕКТЕП

Бүгінде білім берудегі негізгі міндет – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Ол әлемде дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу бағытындағы білімнің маңыздылығын айқындайды. Заман ағымы мен талабына сай, жаһандық бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, яғни адами капитал сапасын жақсарту – мектеп алдындағы тұрған күрделі де жауапты іс.

Осы міндеттерді лайықты атқарып келе жатқан мектептің бірі – Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі. Бұл мектеп дарынды балалармен жұмыс бағытындағы президент саясатының нәтижелі жемісі деп толық айтуға болады. Мұны 18 жыл уақыт аралығындағы мектеп оқушыларының ғана емес, мұғалімдерінің де жетістіктерінен айқын көре аламыз.

Қойылған мақсаттарға, биік дәрежелерге жету үшін мектеп директоры Хасанова Сәуле Төлегенқызының талантты басшылығымен, оқыту – тәрбиелеу үдерісін жүйелі ұйымдастыруымен дарынды ұстаздар мен ғалымдардың қауымдастығы талмай еңбек етуде.

Дарынды баланың бойындағы қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте жоғары біліктілік санатты – 27, бірінші біліктілік санатты – 5, екінші біліктілік санатты – 6 мұғалім, магистр дәрежесі бар 7 мұғалім жұмыс істейді. Ұстаздар Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары курстарынан өтті. Атап айтсақ, I деңгей – 12, II деңгей – 10, III деңгей – 9 мұғалім курс сертификаттарын алды. 2 мұғалім білім көтеру курстарын шетелден өтіп келді.

Мектепте оқитын 364 оқушының жеке ерекшеліктерін ескере оты-

ра, білім беру үдерісі екі бағытта жүргізіледі: жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық. Яғни, бағыт бойынша пәндер тереңдетіліп, кеңейтіліп, жеделдетіліп оқытылады. Мысал келтіретін болсақ, 5-6- сыныптардың оқыту үдерісіне физика, информатика, химия пәндері енгізілген, орыс тілі пәні орыс мектептеріне арналған бағдарлама бойынша оқытылады. Бұл сабақтар пән мұғалімдерінің авторлық бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Жаңа оқу жылынан бастап химия, физика, информатика, биология ағылшын тілінде оқытылды деп жоспарлануда. Ол үшін пән мұғалімдері арнайы курстардан өтіп жатыр.

Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Көптілділікті дамыту мақсатында қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен қатар мектепте француз және қытай тілдері оқытылады.

Жалпы білім беретін ұйымдарының оқу үдерісіне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру



ұйымының қазіргі заманғы әдістемелері мен технологияларын енгізу жұмыстары елімізде жоспарлы түрде жүргізілуде. Соған орай «Жас дарын» мектебі «Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс – тәжірибесін тасымалдау мектебі» болып тағайындалды. Яғни, мектеп мұғалімдері Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс – тәжірибесін оқыту – тәрбиелеу үдерісіне молынан енгізуде. Оқыту үдерісіне көптеген жаңа технологиялар енгізіліп, оқушылардың білімін критериялық бағалау жүйесімен анықтайды.

Оқыту үдерісі мен тәрбие үдерісі біртұтас педагогикалық ұғым болғандықтан, оқытуда болып жатқан үдерістер тәрбиеге де өз әсерін тигізбей



«Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамы да өз жұмыстарын жоғары деңгейде жалғастыруда. Биылға оқу жылында «шахмат» және «робот техникасы» кабинеттері ашылып, үйірмелер жүйелі жұмыс жасап жатыр.

Электронды оқыту – білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты міндеттердің бірі.

Мектепте 3 мультимедиялық, 2 компьютерлік сынып және 15 интербелсенді тақта және проектор, 137 дербес компьютер бар, соның 130 компьютері оқушыларға арналған. Әр компьютер интернет желісіне қосылған. Компьютерлер толықтай комплектленген. Жалпы 18 оқу кабинеті бар, 3 кабинеттің зертханалары (физика, химия, биология) PASKO құралдарымен жабдықталған; 3 мультимедиялық, 2 компьютерлік кабинет бар.

Мектептің барлық ұстаздары АКТ технологияларын оқыту – тәрбиелеу үдерісінде белсене қолдануда.

Қойылған мақсаттарға, биік нәтижелерге жету үшін мектеп ұстаздары мен ғалымдарының қауымдастығы тығыз жұмыс жасайды. Облысымыздағы жоғары оқу орындарының ғалымдары ұстаздармен де, оқушылармен де тәжірибе бөлісіп, білім деңгейінің ғылыми тұрғыдан болуын қамтамасыз етуде.

қоймайды. Сондықтан да, оқытудағы жаңа технологияларды тәрбие үдерісіне де кіріктіру қазіргі күні заман сұранысы болып отыр.

Жаңалық пен өзгеріске толы жүзеге асырылып жатқан жобалар: «Шаңырақтар» қоғамдастығы, «Шаңырақтар презентациялары», «Шаңырақтардың тәрбие модельдері» «Ақпараттық жиындар», «Флеш-моб», «Туған елге тағзым», «Тьюторлық сүйемелдеу» және мектептің өзінің авторлық «Бір аптаға бір көшбасшы», «Денсаулық», «Бірлігіміз жарасқан» жобалары.

Мектептің тәрбие жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті білімді, тәрбиелі, әлемді кең көлемде танитын, өзгерістерге дайын, өмірге қажетті мәселелерді шеше алатын, ақпараттық мәдениетті (компьютерді және техникалық құрал – жабдықтарды еркін пайдалану) көптілді, (үш тілде жазбаша және ауызша еркін қарым – қатынас жасай алатын полимәдениетті тұлға), креативті, қоғамымыздың сұраныстарын қанағаттандыратын, бүкілреспубликалық және әлемдік деңгейге көтерілетін түлек тұлғасын (элита) қалыптастыру. Сондықтан да мектепте өткізілетін оқу – тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсаттарға бағытталған.

Мектептің алдына қойған мақсат – міндеттері негізінде өзіндік дәстүрлі іс – шаралары да қалыптасты. Атап айтсақ, мектепішілік «Ботақан» интеллектуалдық сайысы, «Менің ізденістерім» атты жобалар сай-

ысы, пәндік регаталар, пән апталықтары, «Экономикалық кампания», «Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі» атты мектептің қамқорлық кеңесінің жұмысы, «Жыл мұғалімі», «Жыл ата – анасы», «Жыл оқушысы» номинация иегерлерін тағайындау. Жыл нәтижелері негізінде жеңіс, жетістікке жеткен оқушылар мен мұғалімдерді марапаттайтын «Жұлдызды жаңбыр» іс – шарасы.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бағытында, халықтың асыл қазынасын, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Дастан» атты домбыра үйірмесі, өнер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін ашып, дамыту мақсатында «Ұлағат» атты би үйірмесі жүргізіледі. «Жас дарын» олимпиадалық резерв мектебі мен



Осындай бірлескен жұмыстың нәтижесінде мектеп облыстық пән олимпиадасы мен ғылыми жобалар сайыстарында жылма – жыл жеңіс тұғырынан орын алады. Биылғы оқу жылында да қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша облыстық олимпиаданың қорытындысындағы көрсеткен үздік нәтижелері үшін I орын және жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша II орын алып, «Ең үздік олимпиадалық команда – 2017» номинациясымен марапатталды.

Ал ҰБТ қорытындылары бойынша мектеп түлектері үнемі жоғары нәтиже көрсетіп, жыл сайын облыс көлемінде I орынды иемденеді. Биылғы жаңа форматтағы өткізілген ҰБТ – да мектеп түлектері 121,8 ұпай жинап, өз орнын дәлелдей білді. Бұл жоғары жетістік – ата – ана, мектеп ұжымы және оқушының бірлесе атқарған зор, қажырлы жұмысының нәтижесі.

Мектепте дарынды да талантты оқушылар өте көп. Білім, шығармашылық сайыстардан мектеп қоржынын медальдармен, грамоталармен толықтыру барысында талмай, тынбай еңбек етуде. Сол оқушылардың бірегейі, мектеп мақтанышы – Мохаммед-Али Әмір. 10- сыныпты енді аяқтаған Әмір Республикалық пән олимпиадасының математика пәні бойынша абсолюттік жеңімпазы, математикалық МИ-СИС олимпиадасының «Алтын медаль» иегері, Халықаралық Балкан олимпиадасының «Қола медаль» жүлдегері, Жәутіков халықаралық олимпиадасының «Қола медаль» иегері, «Жібек жолы» халықаралық



математикалық олимпиадасының «Алтын медаль» иегері, Қытай Халық Республикасының Гонконг қаласында өткен (IMO) әлемдік математикалық олимпиадасының «Алтын медаль» иегері, Батыс Қытайдағы Халықаралық олимпиадасының «Күміс медаль» иегері.

Әмірді білім – ғылым шыңына жетелеген ұстаздарының еңбегі ерен, ерекше. Олар – пән мұғалімдері Қабылова Күлкен Ғазизқызы, Байсарин Ертас Мәдениетұлы, Текенов Арыстан Анатолийұлы. Аталған ұстаздар өздерінің кәсіби шеберліктерімен, өнімді де шығармашылық деңгейдегі еңбектерімен оқушыларды білім шыңдарына жетелеп, биік нәтижелерге жетуіне үлкен жігер, ұлы ынтамен ат салысуда. Оқушыларын дайындап қана қоймай, өздері де түрлі сайыстарға қатысып, жеңімпаз атануда.

Мәселен, математика мұғалімі Байсарин Ертас Мәдениетұлы «Үздік педагог – 2016» республикалық сайысының жеңімпазы атанды. Ал Текенов Арыстан Анатолийұлының қажырлы еңбегі ескеріліп, халықаралық деңгейдегі жетістіктері үшін облыс әкімі ұстазға автокөлік сыйға тартты.

Бұл нәтижелердің барлығы бағыт – бағдарымыздың, ұстанған саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі – бұл білім кеңістігіндегі инновациялық жолға бағыт алған, жаһандық бәсекеге қабілетті түлек тұлғасын қалыптастыру мақсатын ұстанған оқушылардың, мұғалімдердің, ата – аналардың бірлескен ұжымы. Елбасымыз айтпақшы – «Болашағымыз – бірлікте».

Болашақта халқымыздың озық елдерінің алдыңғы қатарында көрінуіне орасан септігін тигізер шәкірттеріміз көбейе берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Сәуле ХАСАНОВА,
Павлодар қаласының «Жас дарын»
мамандандырылған мектеп
директоры

АННОТАЦИЯ

В статье директор школы «Жас дарын» С. Хасанова делится достижениями учебного заведения. В ее стенах воспитываются не только талантливые, но и разносторонне развитые дети. В школе, которая идет в ногу со временем, созданы все условия для получения углубленного знания в нескольких направлениях.

